

**Сарыкөл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы мәслихатының 2016 жылғы 23 қарашадағы № 59 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 13 желтоқсанда № 6731 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы мәслихатының 2017 жылғы 20 желтоқсандағы № 128 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы мәслихатының 20.12.2017 № 128 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 19-1-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес, Сарыкөл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сарыкөл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кезектен тыс сессияның төрағасы*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

"КЕЛІСІЛДІ"

"Сарыкөл ауданының тұрғын  
үй-коммуналдық шаруашылық,  
жолаушылар көлігі және автомобиль  
жолдары бөлімі" мемлекеттік  
мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ С. Ғайсенов

"23" қараша 2016 жыл

*Г. Батуринец*

*К. Базарбаева*

Мәслихаттың  
2016 жылғы 23 қарашадағы  
№ 59 шешіміне қосымша

**Сарыкөл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары**

--	--	--	--

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтар жинақталуының жылдық нормасы, м <sup>3</sup>
1	Жайлы және жайлы емес үй иелігі	1 тұрғын	1,13
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1,3
3	Қонақ үйлер, демалыс үйлері	1 орын	1,4
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	1,21
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,57
6	Емханалар	1 адам	0,5
7	Ауруханалар, санаторийлер, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек орын	1,7
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,3
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 орын	1,25
10	Стадиондар, спорт алаңдары	ж о б а бойынша 1 орын	0,14
11	Азық-түлік дүкендері	сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,6
12	Өнеркәсіптік дүкендер, супермаркеттер	сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,5
13	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,4
14	Азық-түлік және өнеркәсіптік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,15
15	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	1,2
16	Вокзалдар, автовокзалдар	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,15
17	Дәріханалар	сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,5
18	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, автожанармай құю стансалар, гараждар	1 машина-орын	0,3
19	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	0,3
20	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,2
21	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	1,2
22	Аяқ киімді жөндеу шеберханалары	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	1,2
23	Моншалар, сауналар	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,35

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК